

Бекітемін .....

**Мектеп:**Н.Жұбаев атындағы о.м **Мерзім:**07.12.2020 **№13** сабақ

**Мұғалім:**Амангелдиева К **Сынып:** 4 **Оқушы саны**

**Тақырып:**Менің ұжымым

**Құндылық:**дұрыс әрекет

**Қасиеттер:**жауапкершілік,адалдық,бауырмалдық

<p><b>Сабақ мақсаты:</b>Оқушыларға ұжымның маңыздылығын ұғындыру арқылы дұрыс-әрекет құндылығының мәнін ашу</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Оқушыларға ұжым ұғымы туралы түсінік беру.</li><li>• Оқушыларды өзін және басқаларды тыңдай білуге,түсіне білуге,қабылдай білуге үйрету.</li><li>• Оқушыларды саналылыққа тәрбиелеу.</li></ul>	<p><b>Ресурстар:</b>(құралдар, мәліметтер) Слайдтар.</p>
<p><b>Жағымды күйге келу Су асты патшалығына ойша саяхат.</b></p> <p>(Оқушылардан шеңбер құрып отыруды, қолдарын тізесіне немесе үстел үстіне қоюды, аяқтарын айқастырмауды өтініз. Арқаларын тік ұстауын қадағалаңыз. Жайлы, баяу музыка қойыңыз).</p> <p>Мұғалім: Көзіңізді жұмыңыз және бірнеше рет терең тыныстаңыз; денеңізді босатыңыз. Бірнеше секундтан соң теңіз түбіне саяхат жасаймыз.</p> <p>Теңіз жағасымен келе жатқаныңызды елестетіңіз. Толқындардың жеңіл шалпылына, шағалалардың шуылына құлақ түріңіз. Жалаң аяқтарыңызбен құмды сезініңіз. Шалғайдан қара нүкте көріп тұрсыз: ол жақындаған кезде дельфин екенін түсіндіңіз. Ол сізді теңіз түбіне алып кету үшін келді. Ол өте әдепті жәндік, сізді шыдамдылықпен күтіп тұр. Жайлап оның арқасына отырыңыз, мықтап ұстап, жолға шығыңыз. Дельфиннің арқасында жайланып отырып, өзіңді қауіпсіз сезіну, су астында жүзу қандай керемет. Жан-жағыңызға қараңыз: мұнда кемпірқосақ тәрізді арлы-берлі жарқырай қалқыған әсем балықтар қаншама. Теңіз түбіне бойлаған сайын айнала қалайша өзгереді, суда тербелген қаншама ғажайып балдырлар. Қараңызшы, қандай орасан зор балықтар, ал енді анау жаққа көз тастаңыз... бұл орасан зор сегізаяқ. Су асты неткен қызықты әрі ғажап әлем. Сіз бір нәрсені байқадыңыз ба? Мұнда неткен тұңғыық, толық тыныштық. Осы тыныштық күйде болыңыз.(Мұғалім бірнеше секунд</p>	<p><b>Сабақ барысын талдау:</b></p> <p><b>“Мелодия слез”Бетховен</b></p>

<p>үнсiз қалады). Ал қазiр жоғарыға, өз әлемiмiзге керi қайтуға дайындалыңыз. Айналаға жiтi қараңыз. Ғажап түстерге тағы бiр рет қараңыз және тыныштыққа құлақ түрiңiз. Осындай тыныштық сiзге самалдай әсер бередi. Ендi дельфин керi қарай жолға шықты. Сiз су бетiне шықтыңыз, жағаға жақындадыңыз. Дельфиннiң арқасынан түсiңiз, оны сипалаңыз және осындай ғажап саяхатқа апарғаны үшiн ризашылық бiлдiрiңiз. Сыныпқа оралыңыз және өз орныңызға келiңiз. Бiрнеше секундтан соң көзiңiздi ашыңыз, осы түйсiнген тыныштықты өз бойыңызда сақтауға тырысыңыз.</p> <p><b>Қорытынды:</b> Олай болса, бiр-бiрiмiзге жақсы тiлектер тiлейiк. Осы тыныштық күйiмiздi сақтап қалайық.</p>	
<p><b>1. Дәйексөз.</b> <b>«Татулық-табылмас бақыт» нақыл сөз</b> Топпен айтады. Ұлдар қайталайды. Қыздар қайталайды. <b>Сұрақ: Дәйексөздің мағынасын қалай түсiнемiз?</b></p>	<p>Оқушылар өз пiкiрлерiн айтады.</p>
<p><b>Бiрге оқимыз</b> <b>«Қорқақ» әңгiмесi Сапарғали Бегалин</b> <b>Әңгiмелесейiк</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Офицер нелiктен ашуланды?</li> <li>• Барлық бала нелiктен жазаланды??</li> <li>• Шоқан қандай батылдық жасады?</li> <li>• Өз кiнәнды басқаға арту дұрыс па? Нелiктен?</li> </ul>	<p>Сұрақтарға жауап бередi.</p>
<p><b>«Жақсылық жасайық»</b> Оқушыларға тапсырма беру. 1-тапсырма.- Оқушылар мәтiндi оқып, «Ұжым» деген ұғымның мәнiн түсiнедi Сұраққа жауап бередi. <i>*Өздерiңдi ұжым деп санайсыңдар ма? Нелiктен?</i> 2-тапсырма бойынша оқушылар ұжымшылдық туралы нақыл сөздердi оқиды. Ұжымдағы қарым-қатынас туралы ереже құрастырып жазады 3-тапсырма-мәтiндi оқиды, өздерi ұжым болып бiрлесе шешiм қабылдаған, жақсылық iстеген iс-әрекеттепрiн естерiне түсiрiп айтып бередi <b>Жаңаны бiлемiз</b> Адамға ұжыммен бiрге болу қызықты, әрi пайдалы. Көпшiлiктiң iшiнде болу, араласу, ортақ iске жұмылу адамға жақсы көңiл күй сыйлайды, үлгi-өнеге бередi. «Бiрлесе көтерген жүк жеңiл» деп бекер</p>	<p>Ашық хат жасау Сурет салу</p>

<p>айтпаған.Көпшілікпен бірлесіп ақылдасу,шешім қабылдау оңай әрі ұтымды болады.Бірлесіп шешім қабылдау үшін,іс тындыру үшін күшті ұйымшылдық керек.Саналы тәртіп болуы тиіс.Сонда бірлікке қол жеткізіп,табысқа кенелесіндер.Сенімдерің ариа түседі.</p>	
<p><b>Жүректен-жүрекке (Топпен ән айту.)</b> Дос болайық бәріміз! Сөзі: Х.Талғаровтікі Әні: И.Нүсіпбаевтікі</p>	Үнтаспа
<p><b>Үй тапсырмасы.</b> «Сынақ» әңгімесін алдын ала оқып келу.</p>	
<p><b>Соңғы тыныштық сәті.</b> Баяу әуен қою. Ал, балалар, қолымызды, аяғымызды айқастырмай, арқамызды тік ұстап, терең демалайық. Көзімізді жұмамыз. Бүгін сабақта өткен құндылықтар мен қасиеттерді еске түсірейік. Қиянат жасамау,жақсы мінез-құлық, ешкімге зиян келтірмеу, өзіне-өзі есеп беру, өзін-өзі дамыту туралы ойымызды кеңейттік. Осы құндылықтар мен қасиеттерді жүрегімізде сақтайық. Енді көздеріңді ашсаңдар да болады. Сабақ аяқталды, сау болыңдар!</p>	“Красивая музыка”

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Абай ауылы, №90 орта мектеп Өзін-өзі  
тану пәні мұғалімі